



## БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

№

## ПРИКАЗ

город Астана

2023 жылғы 31 тамыздағы №353-НҚ

### **«Казтелерадио» акционерлік қоғамының 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және таза табыстарының мөлшерін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Казтелерадио» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2023 жылғы 16 тамыздағы № 3 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № КГИП-03-КГ/8656 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 118-үй, банктік және өзге де деректемелері: БСН 000540002083, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ476010131000079901, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБЕ 16, «Казтелерадио» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қоса беріліп отырған 2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2022 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген 84 856 437 (сексен төрт миллион сегіз жүз елу алты мың төрт жүз отыз жеті) теңге 56 тиын мөлшеріндегі таза табысын бөлудің мынадай тәртібі айқындалсын:

1) таза табыстың 70 (жетпіс) пайызын құрайтын 59 399 506 (елу тоғыз миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың бес жүз алты) теңге 29 тиын мөлшеріндегі сома республикалық бюджет кірісіне төлеуге жіберілсін;

2) таза табыстың 30 (отыз) пайызды құрайтын 25 456 931 (жиырма бес миллион төрт жүз елу алты мың тоғыз жүз отыз бір) теңге 27 тиын мөлшеріндегі сома Қоғамның инвестицияларын қаржыландыру үшін Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Қ.Ш. Раздықов:

1) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу бойынша ұйымға электрондық есепті жолдауды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін жарияласын.

3. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық  
даму вице-министрі**



**Е. Кочетов**